

**«8D05105- Биотехнология» мамандығы бойынша философия докторы  
(PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Байқара Баршагұл Тенізбайқызы  
«Казақстан Республикасының аумағында таралған құс тұмауы  
штаммдарын генотиптеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына  
ресми рецензенттің жазбаша**

**ПІКІРІ**

P/H №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сзыу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысы 2020-2022 жылдар аралығында Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринарлық институтының вирусология зертханасында (Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылық министрлігінің бағдарламалық мақсатты қаржыландыру №BR10764899-OT-22 «Жоғары зардалты құс тұмауы бойынша ел аумағындағы эпизотиялық сипаттамасын зерттеу және олардың тиімділігін арттыру бойынша ветеринарлық-саниттарлық шараларды жасап шығару», №BR10764975-OT-22 «Құс тұмауын дифференциальды анықтауға арналған тест-жүйені өндіріске жасап шығару және ұсыну» жобаларының аясында және Микробиология және вирусология ғылыми-өндірістік орталығының Вирустар экологиясы зертханасы (№AP19678255 «Қазақстанда құстар мен сүтқоректілер арасында таралған А типті құс тұмауының табиғи түрлерінің эпидемиялық әлеуетін зерттеу») ғылыми жоба шенберінде жүргізілді.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспады, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаган.	<p>Құс фабрикаларында тұмау инфекциясының таралуы кезінде үй құстарының жаппай қырылуын тудыратындықтан, елеулі экономикалық шығынға әкеп соқтыруды.</p> <p>Вирустың жұғу ықтималдылығын мен оның кең таралуын алдын алу үшін болжам жасау маңызды болып табылады.</p>

			Ұзақтығы әр түрлі болжам жасауды қолдану құс тұмауы бойынша эпизоотологиялық мониторинг стратегиясы мен тәсілдерін біршама жетілдіруге, жұқпа ошақтарының эпизоотиялық белсенділігінің артуынан туындаған кері әсерін ықшамдауға мүмкіндік береді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыстың жазылу деңгейіне «жоғары» баға беруге болады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.  4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындаамайды.	Диссертация өзектілігінің негіздемесі жұмыстың әдеби шолу бөлімінде жақсы негізделген.  Жұмыс Қазақстан Республикасы аумағында 2020-2022 жылдар аралығында айналымдағы жабайы және үй құстарындағы құс тұмауы вирусын (КТВ) анықтау мен бөліп алуға, олардың таралуы мен эволюциясын тану үшін вирусологиялық және молекулалық-биологиялық қасиеттерін зерттең, филогенетикалық тұстық белгілерін анықтауға арналған, сондықтан диссертация тақырыбын толықанды айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	2020-2022 жылдар аралығында Қазақстан Республикасында жабайы және үй құстары арасында тараған құс тұмауы штамдарына молекулалық-биологиялық және филогенетикалық талдау жүргізілген. Демек, жұмыстың мақсаты және одан тұындастын міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыс дәстүрлі төрт бөлімнен тұрады және олар өз-ара түрде логикалық түрде толық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Алға қойылған мақсат пен	Диссертациялық жұмыста ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Алға қойылған мақсат пен

		<p>шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сынни талдау бар;</p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>міндеттер толықтай орындалды. Қазақстанда соңғы жылдары таралған ҚТВ штамдарының филогенетикалық талдауы жасалынды. Осы жұмыста алынған нәтижелерді ҚТВ H5 пен H9 штамдарына диагностикалық препаратор мен вакцина дайындауға қолдануға болады.</p>
5.	Фылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Фылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Фылыми нәтижелер мен ережелер толығымен жаңа. 2020-2022 жылдар аралығында Қазақстан Республикасындағы жабайы құстардың көшіп-қону аймағына жақын орналасқан алты облыстың жеке шаруашылық қожалықтарындағы құстарда ҚТВ мониторингі жүргізілді. ҚТВ ауырған құстардан бөлініп алынған төрт штамы геномын толық секверирлеу жүргізіліп, оның нәтижесі бойынша филогенетикалық талдауы мен молекулалық-генетикалық сипаттамасы жүргізілді. ҚТВ H5N8 типтармағын анықтайдын нақты уақыттағы ПТР тест-жүйесі жасалынды, оған патент алдынды.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Жабайы және үй құстарынан ҚТВ жаңа өзекті штамдары бөлініп алынып, олардың өзара және ғылымда сипатталған генотиптер арасындағы молекулалық-генетикалық қарым-қатынасы анықталды. Алғаш рет ҚТ қазақстандық H9N2 типтармағына жататын штамм үй құсынан бөлініп алдынды. Зерттелінген штамдар геномына бұған дейін тіркелмеген жаңа бірегей нүктелік мутациялар анықталынды.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p>	<p>Диссертациялық жұмыста техникалық, технологиялық, басқару шешімдері толығымен жаңа. Қойылған мақсат пен міндеттер толықтай орындалды.</p>

		<p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Қазақстанда соңғы жылдары таралған ҚТВ штамдарының геномы секвенирленді және оның филогенетикалық талдауы жасалынды.</p> <p>ҚТ штамдарының толық геномын зерттеу нәтижесінде алғынған мәліметтер базаға қосылды. ҚТВ Н5 пен Н9 штамдарына диагностикалық препараттар мен вакцина дайындауға қолдануға болады.</p> <p>Зерттеу нәтижелерін ескере отырып, 2025-2026 жылдардағы құстұмауының кезекті таралу мүмкіндігін болжауға болады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Диссертация бойынша алғынған ғылыми-зерттеу нәтижелеріне негізделген алты қорытынды жасалған.</p> <p>Ғылыми тұрғыдан алғанда жасалынған қорытындылар ҚТВ жабайы құстар арасында құрлықтық масштабта таралуын қандай да бір деңгейде болжауға болады, ол ақырында Қазақстанда пайды болатын кез-келген жоғары зардапты құстұмауы вирусының болашақта бізге таралуы ықтималдылығын бақылауға көмектесуі мүмкін.</p>
7.	Корғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұраптарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок;</p>	<p>Қазақстанда соңғы жылдары таралған ҚТВ штамдарының геномы секвенирленді және оның филогенетикалық талдауы жасалынды.</p> <p>ҚТ штамдарының толық геномын зерттеу нәтижесінде алғынған мәліметтер базаға қосылды.</p> <p>ҚТВ Н5 пен Н9 штамдары диагностикалық препараттар мен вакцина дайындауға қолданылды.</p> <p>1. Корғауға шығарылған негізгі ережелер дәлелденді.</p> <p>2. Корғауға шығарылған негізгі ережелер тривиалды.</p> <p>3. Корғауға шығарылған негізгі ережелер жаңа болып табылады.</p> <p>4. Корғауға шығарылған негізгі ережелердің қолдану деңгейі орташа.</p> <p>5. Корғауға шығарылған негізгі ережелер мақалаларда дәлелденген.</p>

		<p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	
8.	Дәйектілік қағидаты.	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>Зерттеу жұмысында вирусологиялық, серологиялық, молекулалық-генетикалық зерттеу және биоинформатикалық талдау әдістері қолданылған. Қолданылған әдістер түсінікті түрде, нақты жазылған.</p>
		<p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.</p>

		даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы жеткілікті деңгейде негізделген.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	2020-2022 жылдар аралығында Қазақстан Республикасындағы жабайы құстардың көшіп-қону аймағына жақын орналасқан алты облыстың жеке шаруашылық қожалықтарындағы құстарда ҚТВ мониторингі жүргізілді. ҚТВ H5N8 типтартмағын анықтайтын нақты уақыттағы ПТР тест-жүйесі жасалынып, оған патент алынды. ҚТВ ауырған құстардан бөлініп алынған төрт штамы геномын толық секверирлеу жүргізіліп, оның нәтижесі бойынша филогенетикалық талдауы мен молекула-генетикалық сипаттамасы жүргізілді.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		Академиялық жазу сапасы:	Академиялық жазу сапасы жоғары.
		1) жоғары;	

		2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	
11.	Диссертацияга ескертулер		Диссертацияга ескертулер жоқ
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында корғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Зерттеу материалдары бойынша ашық баспасөзде 12 ғылыми жарияланым жарияланды. Оның ішінде 2 мақала Thomson Reuters деректер базасына енгізілген; 5 мақала ҚР ҒжБМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымдарда; конференция материалдарында 1 тезис; Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринарлық институтының журналында 1 мақала. Жоғары зардапты құс тұмауы вирусының таралуын болжау бойынша әдістемелік нұсқаулық шығарылды. Сондай-ақ пайдалы модельге 2 патент - №7497 (2022) және №8586 (2024) алынды.	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	«8D05105- Биотехнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстан Республикасының аумағында таралған құс тұмауы штаммдарын генотиптеу» атты диссертациялық жұмысы PhD доқторлық диссертациясының талаптарына сәйкес, және диссертант Байқара Баршагул Төнізбайқызы PhD дәрежесін беруге сай келеді.	

Ресми рецензент:

Мұқанов Қасым Қасенұлы

(қолы, тегі, аты-жөні)

ЖШС «Ұлттық биотехнология  
орталығының» Қоладанбалы генетика  
зертханасының аға ғылыми қызметкері,  
ветеринария ғылымдарының докторы,  
профессор

«28 » 02 2025 жыл

Профессор К.К. Мұқановтың қолын раставмын



М.А. Рахимбергенова